e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 22.10.2026
Сақтау күні 29.10.2026
Дата редакции 22.10.2026
Дата скачивания 29.10.2026

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2026 жылғы 22 № 344-НҚ қазандағы және Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі 2026 жылғы 23 қазандағы № 537 бірлескен бұйрығы

Министерство водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан

Суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметтерімен технологиялық байланысты қызметтер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 124-6-бабының 3-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 204-8) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметтерімен технологиялық байланысты қызметтер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Тарифтік саясатты реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрыққа қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін;

Министерство водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан | Абдрахманов А.М

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі

_____Е. Нагаспаев

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі

_____Н. Нуржигитов

Министерство водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан\АЕрмек А.М

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 22.10.2026
Сақтау күні 29.10.2026
Дата редакции 22.10.2026
Дата скачивания 29.10.2026

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі
2026 жылғы 23 қазандағы
№ 537 мен
Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің
2026 жылғы 22 қазандағы
№ 344-НҚ бірлескен бұйрыққа
қосымша

Суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметтерімен технологиялық байланысты қызметтер тізбесі

Министерство водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан Ерлек А.М

1. Өлшем құралдарын және (немесе) су өлшеу есепке алу аспаптарын орнату, пломбалау, салыстырып тексеру (аттестаттау);

2. Шарттарда көзделген негіздер бойынша су пайдаланушының жүйелеріне қайта қосу;

3. Су шаруашылығының гидротехникалық құрылыстарын күрделі жөндеуге және реконструкциялауға байланысты жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

4. Су шаруашылығының гидротехникалық құрылыстарына ағымдағы және күрделі жөндеу, реконструкциялау жұмыстарын жүзеге асыру;

5. Су шаруашылығы объектілерін пайдалану, күтіп-ұстау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында алынған биомассаны өткізу.